




ӨНІМ НҰСҚАУЛЫҒЫ  
МЕН ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

*Жылжымалы рельстер  
технологиясымен жабдықталған  
RT-4551KV  
kVue™ үстел беті*



|                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                               |                                                                                |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------|
|  <div data-bbox="548 527 690 567"> <div>EC</div> <div>REP</div> </div> <p>Advena Limited<br/>Tower Business Centre,<br/>2nd Flr<br/>Tower Street, Swatar,<br/>BKR 4013<br/>Malta</p> | <p><b>UK Responsible Person</b><br/>QServe Group UK, Ltd.<br/>49 Greek Street<br/>Soho, London W1D 4EG<br/>United Kingdom</p> |                                                                                |
|  <p>Qfix<br/>440 Church Rd,<br/>Avondale, Pennsylvania,<br/>USA<br/>+1 712.737.8688<br/>www.CQmedical.com</p>                                                                        | <div data-bbox="894 888 1036 928"> <div>CH</div> <div>REP</div> </div>                                                        | <p>Raditec Medical AG<br/>Schlossberg 5a<br/>5454 Bellikon<br/>Switzerland</p> |

Exact®, ETR®, Calypso® және Beacon® — Varian Medical Systems компаниясының тіркелген сауда белгілері.

TrueBeam — Varian Medical Systems компаниясының сауда белгісі.

Precise® — Elekta AB компаниясының тіркелген сауда белгісі.

ZXT және TXT — Siemens AG компаниясының сауда белгілері.

Cidex® — Johnson & Johnson компаниясының тіркелген сауда белгісі

Clorox® — Clorox Company компаниясының тіркелген сауда белгісі

kVue және OneTouch — Qfix компаниясының сауда белгілері.

# ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

## «АБАЙЛАҢЫЗ» МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ

**! АБАЙЛАҢЫЗ ! БҰЛ ЖАБДЫҚҚА ЕШҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУГЕ БОЛМАЙДЫ. ЕГЕР ОСЫ ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ҚАНДАЙ ДА БІР БӨЛІГІНЕ АПАТТЫҚ ЖАҒДАЙҒА СЕБЕП БОЛАТЫН ЖҮК ТҮССЕ, ОЛ ЗАҚЫМДАЛСА НЕМЕСЕ ДҰРЫС ЖҰМЫС ІСТЕП ТҰРМАСА, ОНЫ ӘРІ ҚАРАЙ ПАЙДАЛАНБАЙ, +1712.737.8688 | +1800.842.8688 НӨМІРІНЕМЕСЕ SUPPORT@CQMEDICAL.COM МЕКЕНЖАЙЫ БОЙЫНША CQ MEDICAL КОМПАНИЯСЫНА ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.**

**! АБАЙЛАҢЫЗ ! ONETOUCH – ДӘЛ ӨЛШЕУ МЕХАНИЗМІ ЖӘНЕ ТЕК МАҚҰЛДАНҒАН CQ MEDICAL kVue ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫМЕН ПАЙДАЛАНУҒА АРНАЛҒАН. МАҚҰЛДАНБАҒАН, CQ MEDICAL КОМПАНИЯСЫ РАСТАМАҒАН CQ MEDICAL ШЫҒАРМАҒАН ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ҚАУІПТІ БОЛУЫ МҮМКІН ЖӘНЕ ОЛАР ҚОЛДАНЫЛҒАН ЖАҒДАЙДА КЕПІЛДІКТІҢ КҮШІ ЖОЙЫЛАДЫ.**

## ЕЛЕУЛІ ОҚЫС ОҚИҒАЛАР

Елеулі оқыс оқиғалар (мысалы, өлімге немесе ауыр жарақаттарға әкеп соқтыратын немесе әкелуі мүмкін оқиғалар) туралы CQ Medical компаниясына да, еліңіздің құзыретті органына да хабарлаңыз.

## ЕМДЕУ ШОҒЫНЫҢ ӘЛСІРЕУІ

Стандартты үстел бетінің ендіrmесі 6 MB AP/PA фотон шоғында шамамен 6 мм су эквивалентіне ие. Киловольттық рентген сәулелерінің әлсіреуі 100 кВп болған кезде шамамен 0,5 мм алюминийге парапар. Композит тірек білеулер арқылы процедура жүргізгенде, бұл әлсіреу артады. Баптауға негізделген іс жүзіндегі әлсіреуді сіздегі нақты жабдықпен тексеру керек. Кез келген құрылғының, тіпті композит материалдардан жасалған құрылғының көмегімен процедура жүргізу салдарынан теріге әсер ететін доза артады.


## СОҚТЫСУ ҚАУІПТЕРІ

Жабдық зақымданбауы немесе емделуші жарақаттанбауы үшін kVue үстел бетін немесе гентриді абайлап жылжытыңыз. Үстел табандары мен емдеу бастарын қолдана отырып алуға болатын қозғалыстардың алуан түрлілігінен kVue ендіrmесі басқа заттарға соқтығысатын жағдайлар туындауы мүмкін. Жабдық зақымдалуы мүмкін.

# ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

## «АБАЙЛАҢЫЗ» ЖАПСЫРМАЛАРЫ МЕН СИПАТТАМАЛАРЫ

Таңбалардың тізімі мен олардың анықтамаларын [CQmedical.com](http://CQmedical.com) сайтынан қараңыз.




### НОМИНАЛДЫ ЖҮКТЕМЕ

Қайсысының салмағы аз болғанына қарай, үстел табанына түсетін 249 кг (550 фунт) біркелкі бөлінген жүктемеден немесе максимум жұмыс жүктемесінен асыруға **БОЛМАЙДЫ**.

Әр kVue ендіrmесінің номиналды жүктемесі kVue ендіrmесінің нұсқауларында нақтылап көрсетілген.

Қосалқы рельстің номиналды жүктемесі 10 см-ге (4 дюймге) 45 кг (100 фунтты) құрайды.



### НОМИНАЛДЫ ЖҮКТЕМЕ

Varian Exact® немесе TrueBeam™ үстел табанымен пайдаланған кезде, қайсысының салмағы аз болғанына қарай, үстел табанына түсетін 200 кг (440 фунт) біркелкі бөлінген жүктемеден немесе максимум жұмыс жүктемесінен асыруға **БОЛМАЙДЫ**.

Varian PRS құрылғысымен пайдаланған кезде, қайсысының салмағы аз болғанына қарай, үстел табанына түсетін 155 кг (341 фунт) біркелкі бөлінген жүктемеден немесе максимум жұмыс жүктемесінен асыруға **БОЛМАЙДЫ**.



### ҚЫСЫП ҚАЛУ ОРЫНДАРЫ

Емделуші жарақаттанбауы үшін kVue үстел бетін абайлап жылжытыңыз. Қысып қалатын нүктелерді және kVue үстел бетімен байланысты басқа да қауіптерді барынша азайтуға аса көңіл бөлінді. Жиі қысып қалатын нүктелерге мыналар жатады:

- kVue ендіrmесі мен OneTouch ысырмасының арасы
- kVue ендіrmесі мен тірек білеулерінің арасы
- kVue үстел беті мен емдеу бөлмесіндегі жабдықтың басқа бөлшектерінің, соның ішінде Linac емдеу басының арасы

# ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

## «АБАЙЛАҢЫЗ»ЖАПСЫРМАЛАРЫ МЕН СИПАТТАМАЛАРЫ



НЕМЕСЕ



### кVUE ЕНДІРМЕСІН ОРНАТУ ЖӘНЕ ШЫҒАРЫП АЛУ

**! АБАЙЛАҢЫЗ ! ЕШ УАҚЫТТА кVUE ЕНДІРМЕСІНІҢ ҰШЫНАН ҰСТАП КӨТЕРМЕҢІЗ.**

Ұштастырғыш істіктер майысып немесе сынып, кVue үстел беті қолданысқа жарамсыз болып қалуы мүмкін.

Орнату және шығарып алу нұсқауларын кVue үстел бетін орнату нұсқаулығынан қараңыз.

↓ NO STEP ↓


НЕМЕСЕ



### «NO STEP» (БАСУҒА БОЛМАЙДЫ) СЫЗЫҒЫ

кVue ендіrmесіндегі сары сызық тірек білеулерінің ұшын білдіреді. Сызық артындағы аймақ номиналды жүктемеден аспайтын емделушінің жоғарғы кеуде бөлігін немесе денесінің төменгі бөлігін демеу үшін жасалған және сыналған.

кVue ендіrmесіндегі «No Step» (Басуға болмайды) сызығынан кейінгі бөлігіне тұру немесе отыру салдарынан кVue ендіrmесі зақымдалуы немесе адам жарақаттануы мүмкін.



### ONETOUCH™ ЫСЫРМАСЫ

кVue үстел бетінің үстіне емделушіні ТЕК ысырматүймесінің қызыл жағасы көрінбей тұрған кезде орналастырыңыз. OneTouch ысырмасында дұрыс қосылуды көрсететін кірістірілген индикатор бар. Егер ысырма түймесінің қызыл жағасы көрінсе, құлыптау механизмі қосылмаған.

# ПАЙДАЛАНУ МАҚСАТЫ

Бұл құрылғы сәулелік терапиядан өтіп жатқан емделушілерді қозғалтпай ұстауға, жайғастыруға және дене қалпын өзгертуге арналған.

**! ЕСКЕРТПЕ ! АҚШ федералдық заңына сәйкес, бұл құрылғыны тек дәрігерге немесе оның тапсырысы бойынша сатуға рұқсат етіледі.**

## МАҚСАТТЫ ЕМДЕЛУШІ ТОПТАРЫ

Рентгенотерапия немесе диагностикалық визуализация процедураларынан өтіп жатқан емделушілер.

## МАҚСАТТЫ ПАЙДАЛАНУШЫЛАР

Осы өнімдердің мақсатты пайдаланушылары — реттеуші аймақ талаптарына сай білікті адам.

# ФУНКЦИЯЛАР

## СИПАТТАМАСЫ

kVue үстел беті — технологияның ең жаңа жетістіктері үшін оңтайландырылған заманауи радиотерапияға арналған үстел беті. Ол емделушіні бір миллиметрден де аз дәлдікпен және қайталап орналасуын қамтамасыз ету үшін жасалған. kVue стандартты индекстелген орналастыру құрылғыларының көпшілігін пайдалануға мүмкіндік беру арқылы емдеу бөлмесінің әмбебаптығын арттырады.

kVue конус тәрізді сәулелі КТ сияқты киловольттық визуализациямен пайдаланылған кезде жоғары өнімділік беруге арналған, сонымен бірге kVue арқылы өтетін емдеу процедураларының тері дозасын азайтады. Стандартты үстел бетінің ендіrmесін тікелей үстіңгі бетке орнатылатын модульдік иммобилизация құрылғыларымен ауыстыру мүмкіндігімен біріктірілгенде, kVue емделушіні қарқындылығы модульденетін сәулемен емдеу және визуализация арқылы реттелетін сәулемен емдеу үшін орналастыруға арналған ең озық шешімдердің біріне айналады.

Бұл kVue нұсқаларын Calypso® жүйесімен, сондай-ақ Varian TrueBeam™, Varian Exact®, Varian ETR®, Elekta Precise® және Siemens ZXT және TXT үстел беттерімен бірге пайдалануға болады. Сонымен қатар kVue нұсқаларын әртүрлі симуляторлар мен компьютерлік томографтар үшін қолдануға болады.

## CALYPSO® СТАНДАРТЫМЕН ҮЙЛЕСІМДІ ЖҮЙЕ

kVue үстел бетінің Calypso жүйесімен үйлесімді нұсқасы бар. Calypso жүйесінде имплантталған Beacon® электромагниттік транспондерлерінің орнын анықтау және сәулемен емдеу кезінде емдеу нысанасының орнын анықтау үшін электромагниттік сигналдар пайдаланылады. Жүйенің дәлдігіне локализация кезінде Beacon транспондерлеріне жақын өткізгіш материалдар әсер етуі мүмкін.

Calypso kVue™ үстел беті және Calypso жүйесімен үйлесімді деп белгіленген керек-жарақтардың барлығы kVue құрылғысымен үйлесімді екеніне көз жеткізу үшін ауқымды сынақтар жүргізілді. Calypso жүйесін пайдаланған кезде, тек Calypso жүйесімен үйлесімді керек-жарақтарды пайдалану керек. Үйлесімді керек-жарақтардың тізімін алу үшін Varian компаниясына хабарласыңыз.

## ЕМДЕУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

### KVUE ҮСТЕЛ БЕТІНІҢ ЕНДІРМЕСІ

kVue үстел бетінің ендіrmелері тығыздығы төмен композит материалдардан жасалған және 6 MB шамасында AP/PA процедуралары үшін фотон сәулесін шамамен 1% әлсіретеді. Баптауға негізделген іс жүзіндегі әлсіреуді сіздегі нақты жабдықпен тексеру керек. Кез келген құрылғының, тіпті композит материалдардан жасалған құрылғының көмегімен процедура жүргізу теріге әсер ететін дозаның артуына себеп болады.

### ТІРЕК БІРЕУЛЕРІ


Жылжымалы рельстердің тірек білеулерінің ашық түйінді дизайны әлсіреуді барынша азайта отырып, күшті барынша арттырады. Тірек білеулері арқылы процедура жүргізу тері дозасының жоғарылауына себеп болады — емдеуді жоспарлаған кезде осыны ескеру керек. Арнайы әлсірету сынақтарын медициналық физика бөлімі жүргізуі керек. Тірек білеулерін kVue үстінде емделуші бар кезде де, жоқ кезде де бүйірлік бағытта жылжытуға болады. Мүмкін болған кезде, тірек білеулерін емдеу сәулесінің жолында болмайтындай етіп жылжыту керек.

### KVUE ҮСТЕЛ БЕТІ

kVue үстел бетінің бүкіл консольдік бөлігі рентген сәулелерін өткізеді және әлсіреу бойынша IEC және FDA стандарттарының талаптарына сай. Дизайн стандартты рентген және конус тәрізді сәулелі КТ пайдалана отырып киловольттық визуализация, сондай-ақ MV энергиясын пайдаланатын порталдық визуализация жүргізу үшін тамаша сапалы кескіндерді қамтамасыз етеді. Жылжымалы рельстердің тірек білеулері конус тәрізді сәулелі КТ қолданған кезде артефактілерді барынша азайтатын етіп арнайы жобаланған.

# ФУНКЦИЯЛАР

## КОМПОНЕНТТЕР



# ФУНКЦИЯЛАР

## КОМПОНЕНТТЕР

### 1. kVUE™ ҮСТЕЛ БЕТІ

kVue үстел беті — түпнұсқа жабдықтың үстел бетін қоспағанда, емделушіні көтеретін толыққанды жүйе. Ол негізгі жақтаудан (соның ішінде тірек білеулерінен), интерфейс тақтасынан (қажет болса) және тиісті kVue ендіrmесінен тұрады.

### 2. НЕГІЗГІ ЖАҚТАУ

Негізгі жақтау — жылжымалы рельстердің тірек білеулері мен артқы панелін қамтитын kVue үстел бетінің бөлігі. Негізгі жақтауда сонымен қатар OneTouch ысырмасының қабылдау тесіктері мен қосалқы рельс болады.

### 3. ИНТЕРФЕЙС ТАҚТАСЫ

Интерфейс тақтасы — желілік үдеткіш өндірушісінің үстел табаны мен kVue үстел бетінің арасындағы интерфейс. kVue құрылғысын Varian TrueBeam™ немесе Exact® үстел бетіне орнатқан кезде интерфейс тақтасы қажет емес.

### 4. kVUE ЕНДІРМЕСІ

kVue ендіrmесі — емделушіні көтеріп тұратын беттің емдеу аймағы. Ол тығыздығы төмен композит материалдардан жасалған және AP/PA процедураларында 6 MB фотон сәулесін шамамен 1% әлсіретеді. Кез келген құрылғы арқылы процедура жүргізу тері дозасының жоғарылауына себеп болады — емдеуді жоспарлаған кезде осыны ескеру керек. Стандартты үстел беті ендіrmесінде керек-жарақтардың қайталап орналастыруға мүмкіндік беретін Varian Exact® жүйесімен үйлесімді көрсеткіш ойықтар бар.


### 5. АРТҚЫ ПАНЕЛЬ

Артқы панель — үстел бетінің үстінде отырған емделушіні көтеріп тұратын тірек беті.

### 6. ЖЫЛЖЫМАЛЫ РЕЛЬСТЕРДІҢ ТІРЕК БІЛЕУЛЕРІ

Жылжымалы рельстердің тірек білеулері — ең аз ауытқумен kVue ендіrmесіне түсетін емделушінің толық салмағын көтеретін өте қатты композит құрылымдар. Ашық түйінді дизайны әлсіреуді барынша азайта отырып, күшті барынша арттырады. Тірек білеулерін kVue үстел бетінің үстінде емделуші бар кезде де, жоқ кезде де бүйірлік бағытта жылжытуға болады.

Тірек білеулері арқылы процедура жүргізу салдарынан тері дозасы жоғарылайды — емдеуді жоспарлаған кезде осыны ескеру керек. Мүмкін болған кезде, тірек білеулерін емдеу сәулесінің жолында болмайтындай етіп орналастыру керек.



# ФУНКЦИЯЛАР

## КОМПОНЕНТТЕР

### 7. ПОЗИЦИЯЛЫҚ ТАҚТАЙША

Позициялық тақтайшада стандартты орналастыру құрылғыларын kVue үстел бетінің үстіне дәл және қайта-қайта орналастыруға мүмкіндік беретін салалық стандартқа сай керек-жарақтарға сәйкес келуге арналған екі орналастыру істігі (диаметрі 13 мм (0,5 дюйм), 229 мм (9 дюйм) аралықпен) бар.

### 8. EXACT® КӨРСЕТКІШ ОЙЫҚТАРЫ

Стандартты үстел беті ендіrmесі позициялық тақтайша мен басқа керек-жарақтарды дәл орналастыру үшін пайдалануға болатын kVue құрылғысының ұзына бойында 140 мм аралықтармен орналасқан Varian Exact® жүйесімен үйлесімді көрсеткіш ойықтарымен бірге келеді. Симуляциялық орналастыру деректерін kVue құрылғысына тікелей тасымалдауға мүмкіндік беру үшін ойықтардың нөмірлеу схемасы Varian Exact® индекстеу жүйесіне сәйкес келеді. («0» саны координат осінің басын білдіреді. kVue құрылғысының бас жағына қарай H1, H2, т.б., ал аяқ жағына қарай F1, F2, т.б. деп жалғаса береді.)

### 9. ҚОСАЛҚЫ РЕЛЬС

Қосалқы рельсті үзеңгілер, инфузия жасауға арналған штативтер мен басқа стандартты құрылғыларды әдеттегі қысқыштармен бекіту үшін пайдалануға болады.


### 10. «NO STEP» (БАСУҒА БОЛМАЙДЫ) СЫЗЫҒЫ

kVue ендіrmелерінің көпшілігі тірек білеулерінің шеткі ұшын білдіретін сары сызықпен белгіленеді. Стандартты ендіrmе «No Step» (Басуға болмайды) сызығынан тыс номиналды жүктемеден аспайтын емделуші денесінің жоғарғы немесе төменгі бөлігінің салмағын көтеруге арналған. kVue ендіrmесіндегі «No Step» (Басуға болмайды) сызығынан кейінгі бөлігіне тұру немесе отыру салдарынан kVue ендіrmесі зақымдалуы немесе адам жарақаттануы мүмкін.


### 11. ONETOUCH ЫСЫРМАСЫ

OneTouch ысырмасы құралдарды пайдаланбай kVue ендіrmелерін лезде бекітуге және алып тастауға мүмкіндік береді. Ысырма kVue ендіrmесін бір миллиметрден де аз дәлдікпен және қайталап орналастыруға мүмкіндік береді, сонымен бірге құлып дұрыс ілінгенін растау үшін көрнекі түрде көрсетеді. Құлып ашылған позицияда жасыл ысырма түймесінің айналасында қызыл жаға көрінеді.

Құлыпталған позиция



Құлып ашылған позиция



Ұштастырғыш істік

# ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

## ОРНАТУ

### KVue ҮСТЕЛ БЕТІН ОРНАТУ


kVue үстел беті барлық үлкен радиотерапиялық емдеу жүйелерінде қолдануға арналған. Жылдам орнату тәсілі орнату кезіндегі сызықтық жылдамдатқыштың бос тұру уақытын барынша азайтады. Арнайы орнату ақпаратын kVue үстел бетін орнату нұсқаулығынан қараңыз.

**! ЕСКЕРТПЕ !** kVue үстел бетін орнату нұсқаулығында толық берілгендей, kVue бетінің соңғы биіктігі бастапқы жүйедегіден өзгеше болуы мүмкін. Алғаш қолданар алдында жүйені нөлге (бастапқы күйге) қалпына келтіру үшін түпнұсқа жүйенің нұсқауларын қараңыз.

### KVue ЕНДІРМЕСІН ОРНАТУ

1. kVue ендіrmесін тірек білеулерінің үстіне қойыңыз да, екі ұштастырғыш істікті OneTouch ысырмасындағы қабылдау тесіктерімен туралаңыз.
2. kVue бас жақ ұшынан kVue ендіrmесін тікелей қабылдау тесіктеріне салыңыз.

kVue ендіrmесі орнына бекітілген кезде, «сырт» еткен дыбысты естисіз. Дұрыс орнатылғанда, ТЕК жасыл түйме беті көрінеді.




Стандартты ендіrmесі бар kVue

# ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

## БАПТАУ

### ПОЗИЦИЯЛЫҚ ТАҚТАЙШАНЫ ОРНАТУ

Позициялық тақтайшада көптеген стандартты орналастыру керек-жарақтарына сәйкес келетін екі позициялық істік бар. Бекіту үшін позициялық тақтайшаның кез келген ұшын тиісті Varian Exact® құрылғысымен үйлесімді көрсеткіш ойықтарына салып, орнына бекітіңіз.



# ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

## ШЫҒАРЫП АЛУ

### ПОЗИЦИЯЛЫҚ ТАҚТАЙШАНЫ ШЫҒАРЫП АЛУ


Позициялық тақтайшаның кез келген ұшынан көтеріңіз.

### кVUE ЕНДІРМЕСІН ШЫҒАРЫП АЛУ

**! АБАЙЛАҢЫЗ ! ЕШ УАҚЫТТА кVUE ЕНДІРМЕСІНІҢ ҰШЫНАН ҰСТАП КӨТЕРМЕҢІЗ ! МЕХАНИЗМ ӨТЕ БЕРІК БОЛҒАНЫМЕН, ҰШТАСТЫРҒЫШ ІСТІКТЕР МАЙЫСЫП НЕМЕСЕ СЫНЫП, кVUE ЕНДІРМЕСІН ЖАРАМСЫЗ ЕТУІ МҮМКІН.**

1. Иіңтіректі сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.
2. Бұрылған иіңтіректі кVue ендіrmесі босағанша кVue ендіrmесін бір жағынан тартыңыз.
3. кVue ендіrmесін кVue құрылғысынан әрі қарай сырғытыңыз.

**! ЕСКЕРТПЕ ! Төмендегі суреттерде стандартты кVue үстел беті көрсетілген. кVue ендіrmесін шығарып алу әдісі кVue нұсқаларының барлығында бірдей.**



# ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

## ЖҮЙЕНІ ТАЗАЛАУ

Құрылғыны жұмсақ, сызат түсірмейтін тазалау немесе зарарсыздандыру ерітіндісімен тазалау керек. kVue үстел бетіне сұйықтықтар шашуға немесе құюға болмайды, себебі олар OneTouch ысырмасына немесе үстел табанындағы механизмдерге кіріп кетуі мүмкін. Тазалау үшін ерітіндіні таза шүберекке жағып, бетін сүртіңіз.

## ЖҮЙЕНІ ЗАРАРСЫЗДАНДЫРУ

Төмендегі тазалау материалдарына сынақ жүргізіліп, олар kVue үстел бетін тазалауға жарамды деп танылды. kVue үстел бетін зарарсыздандыру үшін тазалағыш ерітіндінің өндірушісі ұсынған арнайы нұсқауларды қараңыз.

- Су
- 10% Clorox® ағартқыш ерітіндісі
- Изопропил спирті
- Cidex® 2,4% белсендірілген диальдегид ерітіндісі
- Сабын мен су

Сұйықтықты тікелей kVue үстел бетіне шашуға немесе оның негізгі жақтауға кіруіне жол беруге **БОЛМАЙДЫ**.

kVue үстел бетінің үстіне өткір заттар қоюға **БОЛМАЙДЫ**.

Негізгі жақтауға дене сұйықтықтары кірсе, артқы панельді жалғап тұрған бұрандаларды шығарып алып, тиісті түрде тазалаңыз. Сызықтық мойынтірек рельсіне су негізіндегі тазартқыштар қолданбаңыз. Тазалағаннан кейін, сызықтық мойынтірек рельсін фторполимер (PTFE) құрғақ жағармайымен майлаңыз.

OneTouch ысырмасын мерзімді түрде майлап тұру қажет; OneTouch ысырмасын дұрыс майлау және тазалау тәсілдерін арнайы нұсқаулардан қараңыз.

OneTouch ысырмасын бөлшектеген жағдайда, kVue үстел бетінің кепілдігі күшінен айырылады.

Бекіткіштердің барлығы мықтап қатайтылғанын жүйелі түрде тексеріп тұрыңыз.

# ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ


## ONETOUCH ЫСЫРМАСЫН ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ МАЙЛАУ ПРОЦЕДУРАСЫ

Бұл процедураны ай сайын орындаған жөн.


Материалдар тізімі: фторполимер (PTFE) құрғақ жағармайы, мақта таяқшалар және құрғақ майлықтар немесе қағаз сүлгілер

**! ЕСКЕРТПЕ !** Төмендегі суреттерде стандартты kVue үстел беті көрсетілген. Техникалық қызмет көрсету барлық kVue үстел бетінде бірдей.


1. kVue ендіrmесін шығарып алыңыз. (1-сурет)
2. Ысырманың сыртындағы қылшықтарды немесе қоқыстарды сүртіп тастаңыз. (2-сурет)
3. Қабылдау тесіктерінің ішін құрғақ мақта таяқшамен тазалаңыз. (3-сурет)
4. Қабылдау тесіктерінің ішіне жағармай шашыңыз. (4-сурет)
5. Қылшықтар мен қоқыстарды құрғақ мақта таяқшамен кетіріңіз. (3-сурет)
6. Қабылдау тесіктерінің ішіне қайтадан жағармай шашыңыз. (4-сурет)
7. Ішкі компоненттерді майлау үшін түйменің жоғарғы жағы мен ысырма корпусының арасындағы саңылауға жағармай бүркіңіз. (5-сурет)
8. kVue ендіrmесін қайтадан салыңыз да, оны қарама-қарсы жақтағы ысырманы тартып алыңыз. Майлаудың 7-қадамын қайталаңыз.
9. kVue ендіrmесін орнату және алу циклін 3–4 рет орындаңыз да, ендіrmе еркін сырғып алынбаса, майлау процесін қайталаңыз.
10. OneTouch ысырмасының сыртындағы артық майды сүртіп тастаңыз.




1-сурет




2-сурет



3-сурет




4-сурет



5-сурет

# СИПАТТАМАЛАРЫ

## СТАНДАРТТЫ ЕНДІРМЕСІ БАР kVUE ҮСТЕЛ БЕТІ



**! ЕСКЕРТПЕ !** Жекелеген kVue ендірмелеріне тән сипаттамаларды нақты kVue ендірмесінің пайдалану нұсқаулығынан қараңыз.

# СИПАТТАМАЛАРЫ

## ӨНІМДІЛІК

### АУЫТҚУ

kVue үстел беті IEC 60976 [2007] стандартының 16.5.2.2 бөлімінде көрсетілген ауытқуға қойылатын сипаттамаларға сай. Кері тартылған және 1 м-ден астам аумаққа үлестірілген 30 кг жүк артылған kVue үстел бетінің биіктігі kVue ұзындығының 2 м-ден астам аумағына үлестірілген 135 кг жүктемемен ұзартылған kVue үстел бетінің биіктігінен 5 мм шегінде. Стандартты үстел бетінің ендіrmесі бар kVue қатты табанға орнатылғанда, ауытқудың іс жүзіндегі айырмашылығы шамамен 0,25 мм (рұқсат етілген ауытқу айырмашылығының 5%) құрайды.

### НОМИНАЛДЫ ЖҮКТЕМЕ ЖӘНЕ СЫЙЫМДЫЛЫҚ

kVue үстел беті жекелеген kVue ендіrmесінің нұсқауларында көрсетілген қауіпсіз жұмыс жүктемесі бойынша IEC 60601-2-8 стандартының 28-бабындағы номиналды жүктеме талаптарына сай. kVue үстел бетінің мүмкін болатын максимум номиналды жүктемесі 249 кг (550 фунтты) құрайды. Linac үстел табанымен біріктірілген кезде, номиналды жүктеме екі қауіпсіз жұмыс жүктемесінің төменгісі болады.

Ешбір жағдайда kVue үстел бетінің сыйымдылығы өндірушінің түпнұсқа үстел табанының сипаттамаларынан аспауы керек.

Кейбір kVue ендіrmелерінің номиналды жүктемесі 249 кг-нан төмен. Нақты номиналды жүктемелерді kVue ендіrmесінің пайдалану нұсқаулығынан немесе kVue ендіrmесінің өнім жапсырмасынан қараңыз.

### АЛЮМИНИЙ БАЛАМАСЫ

kVue құрылғысының барлық kVue ендіrmесімен өнімділігі CDRH 21 CFR 1020.30 және IEC 60601-1-3 стандарттарындағы рентген сәулелерін әлсірету сипаттамаларына сай немесе одан асады.

# БӨЛШЕКТЕР ТІЗІМІ

1. RT-4551KV – kVue негізгі жақтауы
2. RT-4551KV-OTM – kVue OneTouch™ ысырма жинағы
3. RT-4551KVO – Varian Exact® жүйесімен үйлесімді көрсеткіштермен жабдықталған kVue жақтауының артқы қақпағы
4. RT-4551KVVHRD – Varian Exact® үстелінің тұғырына арналған Varian жабдық жинағы
5. RT-4551KVPP – kVue қысып қалу нүктелеріне арналған қақпақ жинағы
6. RT-4551KVTBHRD – kVue TrueBeam™ аппараттық құрал жинағы
7. RT-4551BAR – позициялық тақтайша





[www.CQmedical.com](http://www.CQmedical.com)

+1 712-737-8688 | +1 800-842-8688

[info@CQmedical.com](mailto:info@CQmedical.com)